

Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің Ректор өкілі м.а. профессор

Нажи Генч
« 10 » 10 2025 ж.



Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің Ректоры
Ж.Темирбекова
« 10 » 10 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-113-2025


Академиялық комитет ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық департаментпен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер
 - Академиялық департамент директоры А.Бостанова
 - Академиялық департамент директорының орынбасары Н.Гүмүш
 - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев
- Келісілді
3.
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Ә.Идрисова
 - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Мустафа Гиритлиоглу
 - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырықбаева
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. ЕНГІЗІЛДІ - 2025
5. Тексеру мерзімі - 2028

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Түркістан, 2025



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-113-2025</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Академиялық комитет ережесі <i>2-ші нұсқа, 27.04.2022ж 1-ші нұсқаның орнына</i>		8 беттің 2-беті

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес құрылған Академиялық комитеттердің жұмыстарын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат, барлық құрылымдық бөлімдер Ереже талаптарын орындауы міндетті.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған (толықтырулар мен өзгертулерімен);

2.2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгертулерімен);

2.3 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген;

2.4 Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы

2.5 Университеттің Академиялық Саясаты.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті;

АК – кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес Академиялық комитет;

ББ – білім беру бағдарламалары;

СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы.

Реестр – ҚР Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тізілімі

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-113-2025</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Академиялық комитет ережесі <i>2-ші нұсқа, 27.04.2022ж 1-ші нұсқаның орнына</i>		8 беттің 3-беті

4. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 АК – кадрларды даярлау бағытындағы барлық деңгейде жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеп, Реестрде тіркелуін және қолданыстағы ББ ішкі және сыртқы сараптаулар нәтижесінде аккредиттеуді және жаңартуды қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыратын алқалық ұйымы болып табылады.

4.1.2 АК – университетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

4.2 АК қызметінің негізгі бағыттары және міндеттері

4.2.1 Жаңа немесе инновациялық, бірлескен/қосдипломды, микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу:

- кадр даярлау бағытына сәйкес нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін анықтайды;
- кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізеді;
- кәсіптік қызмет саласын зерттеу нәтижесінде оқыту деңгейімен, кәсіптік стандарттардың талаптарымен, университет түлегінің атрибуттарымен және (немесе) жұмыс берушілердің талаптарымен/үміттерімен тоғыстырылған құзыреттерге байланысты бағдарламаның оқыту нәтижелерін (ОН) тұжырымдайды;
- ББ мазмұнын жобалайды және оқыту стратегиясын анықтайды;
- құзыреттері мен оқыту нәтижелері мәнмәтініндегі модульдер мен пәндердің тізбесін айқындап, кредиттердегі модульдер мен пәндердің еңбек сыйымдылығы анықтайды;
- бағдарламада мәлімделген оқыту нәтижелерінің өлшенуін қамтамасыз ететін бағалау әдістерін анықтайды;
- ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктеріне талдау жүргізеді;
- әзірленген ББ жобасын ішкі және сыртқы сараптау мен талқылаудан өткізеді.
- ББ паспортын Реестрге тіркеуге ұсынады, Реестр сарапшыларының ескертулері мен ұсыныстары бойынша түзету жұмыстарын жүргізеді;
- Реестрде тіркелген ББ ішкі талаптарға сәйкес рәсімделіп бекітілуін қамтамасыз етеді.

4.2.2 Қолданыстағы ББ жаңарту және бағдарламалық аккредиттеу, постмониторг процедураларынан өткізу мақсатында өзіндік бағалау жүргізеді. Өзіндік бағалауда ескеріледі :

- Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-113-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Академиялық комитет ережесі <i>2-ші нұсқа, 27.04.2022ж 1-ші нұсқаның орнына</i>		8 беттің 4-беті

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
- жаңа немесе инновациялық, бірлескен/қосдипломды, микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;
- ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі;
- ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- ББ инфраструктурамен қамтамасыз етілуі;

4.2.3 Өзіндік бағалау нәтижелері аккредиттеу стандарттары талаптарына сәйкес, қысқаша статистикалық мәліметтерден, талдау материалдарынан (ең тиімдісі SWOT талдау) және жақсарту ұсыныстарынан тұратын есеп және 3-5 слайдтан тұратын презентация түрінде рәсімделеді.

4.2.4 Әр ББ бойынша өзіндік бағалау есебі Факультеттің сапаны ішкі қамтамасыз ету комиссиясында \ Оқу-әдістемелік комитетінде талқыланып, қолданыстағы ББ аккредиттеу, жаңарту (өзектендіру) туралы немесе, актуальдылығы төмендігіне немесе іске асыру мүмкіндігінің жеткіліксіздігіне байланысты қолданыстан шығару туралы шешімдер қабылданады, университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне, Сенатқа талдап бекітуге ұсынады.

4.2.5 Білім беру бағдарламаларын өзіндік бағалау жыл сайын жүргізіледі. Процедураға негізделген өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өзіндік бағалау үдерісіндегі өзгерістердің нәтижелері, түсіндірмелермен бірге университет порталында, ал қажет болған жағдайда әлеуметтік желілердегі университеттің ресми парақшаларында жарияланады. Ақпарат білім алушылар мен талапкерлерге де тиімді жеткізіледі.

4.2.6 Өзіндік бағалау нәтижелерінде қолданыстағы ББ өзектендіру мақсатында АК және кафедра меңгерушілері нақты іс-шаралар жоспарлап, жүргізеді:

- ББ бағдарламалық аккредиттеу немесе постмониторинг процедураларын өткізуге, Реестрде жаңартуға әзірлейді;
- ББ түлегі моделінің айқын көрінісін (оқыту нәтижелерін), оларды қалыптастыратын модульдердің (пәндердің) мазмұнын анықтайды, жаңартады;
- ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтайды, оларды 100% қанағаттандыратын білікті оқытушылармен қамтамасыз етеді. Егер ол мүмкін болмаса, онда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс жариялайды;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-113-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Академиялық комитет ережесі <i>2-ші нұсқа, 27.04.2022ж 1-ші нұсқаның орнына</i>		8 беттің 5-беті

- ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындайды.

4.2.7 Жаңартылған ББ паспортын Реестрге тіркеуге ұсынады, Реестр сарапшыларының ескертулері мен ұсыныстары бойынша түзету жұмыстарын жүргізеді.

4.3 АК құрамын бекіту және жұмыс тәртібі

4.3.1 АК құрамы академиялық қызметкерлерден және жұмыс берушілер мен білім алушылардың өкілдерінен жасақталады, университет Ректорының бұйрығымен бекітіледі. АК құрамындағы мүшелер саны кадр даярлау бағытындағы ББ санымен анықталады.

4.3.2. АК тікелей Академиялық мәселелер вице-ректорына бағынады, өз қызметін университеттің Академиялық департамент қызметімен, кадр даярлаушы кафедра, факультет басшыларымен, факультеттердің Сапаны ішкі қамсыздандыру комиссиялары қызметімен үйлестіре отырып жоспарлайды, іске асырады.

4.3.3 АК жұмыс және мәжіліс жоспарларын әр оқу жылына жасайды, жоспарлар кадр даярлаушы факультет декандарымен және Академиялық департамент директорымен келісіліп, университет Академиялық мәселелер вице-ректорымен бекітіледі.

4.3.4 АК шешімдері кадр даярлаушы кафедраларға/факультеттерге орындауға міндетті болып келеді.

4.3.5 АК құрамы, жоспары, мәжіліс хаттамалары мен шешімдері және есептері университет сайтында жарияланады. АК қызметінің нәтижелері факультеттің, университеттің Оқу-әдістемелік комитеттері мәжілістерінде талқыланады.

4.5 АК құқықтары

4.5.1 АК Университет факультеттерінен, кафедраларынан, басқа да құрылымдық бөлімдерінен білім беру сапасы бағытында және басқа да мәліметтер алуға құқылы.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

5.1. Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне жауапты Академиялық департамент директоры болып табылады.

5.2. Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын Академиялық мәселелер вице-ректоры қадағалайды.

6. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХКТУ- 7.5.3-2025 сәйкес жүзеге асады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-113-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Академиялық комитет ережесі <i>2-ші нұсқа, 27.04.2022ж 1-ші нұсқаның орнына</i>		8 беттің 6-беті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-113-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Академиялық комитет ережесі <i>2-ші нұсқа, 27.04.2022ж 1-ші нұсқаның орнына</i>		8 беттің 6-беті

6.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс.

7. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

7.1 Университет ережесінің талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

7.2 Университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық департаментке жүктеледі.


7.3 Университет ережесінің бақылау данасын СРСО-на сақтауға беріледі.

7.4 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Академиялық департамент жауапты болып табылады.

7.5 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын сала бойынша вице-ректорлар қадағалайды.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер вице-ректоры

 Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры

 М.Гиритлиоглу

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

 А.Ошибаева

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы

 С.Кырыкбаева

Заң бөлімінің басшысы

 Г.Мусаханов

